

**ЖШС "Зейн" балабақшасының кезектен тыс  
педагогикалық кеңесінің  
№ 2 хаттамасы**

05.01.2026 жыл

Катыскандар -8

Катыспағандар -0

Торайым: Тастемір А.М.

**Такырыбы:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 жылғы маусым айында мемлекеттік аттестаттаудан өтетін Алматы қаласы білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде ЖШС "Зейн" бөбекжай балабақшасы қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 жылғы ақпан айында мемлекеттік аттестаттаудан өтетін Алматы облысының білім беру ұйымдарының тізбесімен таныстыру.
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес, балабақшаның өзін - өзі бағалауды өткізу жөніндегі 05.06.2026 жылға № 10 бұйрығымен комиссия мүшелерімен таныстыру,
3. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша жоспарын бекіту.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Тастемір А.М. ЖШС "Зейн" балабақшасының ағымдағы жылдың ақпан айында мемлекеттік аттестаттаудан өтетін білім беру ұйымдары тізбесіне енгізілгендіктен **2026 жылдың 05.06-23.06.** аралығында балабақшаның өзін-өзі бағалауын өткізу жоспарланып отырғанын айтты. Аталған мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығын таныстырып, осы нормативтер негізінде балабақшаның өзін-өзі бағалауын, өлшемшарттарда берілген талаптарды орындау мақсатында кешенді жоспар құрылып, жұмыс жүргізілу қажеттілігіне тоқталды. Балабақша педагогтері

және тәрбиешілер меңгеруші Тастемір А.М. комиссия төрайымына ұсынып, бекітуге дауыс берді.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші Тастемір А.М. комиссия мүшелігін бекітуді ұсынды оған тәжірибелі педагогтер тәрбиеші Айтенова А.Н. тәрбиеші Баекей А.Х. ұсынылды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнының орындалу барысын зерделеу, тәрбиеші балалардың даму мониторингін қарау жүктелді.

Негізгі құрылтайшы құжаттарды қарау әдіскер А.Н.Айтеноваға жүктелді.

Балабақшаның өзін-өзі бағалау жоспарын таныстырып, назарға алынатын бағыттар аталды. Балабақшаның жалпы мәліметі, үш топтың 3 жылдық перспективалары мен циклограммалары мониторинг көрсеткіштері, атестаттау ережелерінде қарастырылған өлшемшарттардың орындалуы, тәрбиеленушілердің ең жоғарғы көлемі өлшемшарттарының сақталуы, тәрбие мен оқытуға қойылатын мерзімдердің сақталуы, педагогтердің білімі мен сапалық құрамына қатысты талаптардың, ата-аналардың сауалнама негізінде алынған қанағаттануы, ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры, осы жоспар бойынша құжаттамаларды талдау, комиссия мүшелерінің құзыретіне берілетіндігі айтылды.

### **Шешім :**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығына сәйкес, құжаттар жинақталсын.
2. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру 05.01-23.01 аралығында комиссия мүшелігіне жүктелсін.
3. Өзін-өзі бағалауды жүргізу жоспарға сәйкес орындалып, есебі жинақталып, қорытындысы педагогикалық кеңесте ұжымға таныстырылсын.

**Комиссия төрайымы:**



**Тастемір А.М.**